Егер қашықтан басқару тетігі жоғалып қалса немесе батареялары отырып қалса, Сіз қолмен іске қосу батырмасын қолдана аласыз.

Ол үшін ішкі блоктың алдыңғы панелін көтеріңіз және қолмен іске қосу батырмасын (3) қысқаша уақытқа басасыз. Сплит-жүйе автоматты режимде (AUTO) жұмыс істей бастайды. Қолмен іске қосу батырмасын қайтадан басқан кезде, аспап сөндіріледі.

ҚБТ ПАЙДАЛАНУ

1. ON/OFF («Қосу/Өшіру») батырмасы

Бұл батырманы басқанда кондиционер қосылып, тетіктің дисплейінде ON индикаторы жанады, қайта басқан кезде кондиционер айырылып, тетік дисплейінде OFF индикаторы жарқылдайды. Кондиционерді қосқан кезде алдыңғы жұмыс реттемелері орнатылады.

2. SPEED («Желдеткіш жылдамдығы») батырмасы

Батырманы басқан сайын ішкі блоктың желдеткішінің айналу жылдамдығы (шығатын ауаның жылдамдығы) келесідей түрде өзгереді: «Автоматты» / «Төмен» / «Орташа» / «Жоғары». Тетік дисплейінде желдеткіштің тиісті жылдамдығының индикациясы жарқылдайды: AUTO («Автоматты»), LOW («Төмен»), MID («Орташа»), HIGH («Жоғары»). Автоматты түрде қойылатын желдеткіш жылдамдығы берілген мақсаттық температура мен қоршаған ауа температурасының аралығындағы айырмаға тәуелді. Желдету режимінде желдеткіштің автоматты жылдамдығына қойылмайды.

3. SWING («Жалюзи бағыты») батырмасы

Батырманы басқан кезде шығатын ауаның бағытын тігінен өзгертетін ішкі блоктың көлденең жалюзиінің тербелісі туындап, тетік дисплейінде SWING индикаторы

жарқылдайды. Жалюзи қажетті орнына орныққанша күтіп, тербелісті тоқтату үшін батырманы қайта басыңыз.
Жалюзиде конденсат түзілуіне жол бермес үшін, ауа ағынының салқындату және құрғату режимдерінде төмен қарай ұзақ бағытталуына жол бермеу керек. Жалюзи бұзылып қалмас үшін, оның қалпын қолмен реттемелеуге болмайды.

4. TURBO («Турбережим») батырмасы

Кондиционердің салқындату немесе жылыту режимдеріндегі жұмысы кезінде батырманы басқанда кондиционердің қарқынды жұмыс режимі қосылады. Ішкі блоктың желдеткіші белгіленген мақсаттық температураға тез жетуі үшін, бөлмежайды мейлінше тез салқындату немесе жылытуды қамтамасыз ете отырып, ең үлкен жылдамдықпен айналған кезде, тетік дисплейінде TURBO индикаторы жанып тұрады. Жұмыс режимдерін ауыстырғанда, желдеткіштің айналу жылдамдығы өзгергенде немесе TURBO батырмасы қайта басылғанда, қарқынды жұмыс режимі өшіріледі.

5. TIMER («Таймер») батырмасы

Кондиционерді қосу таймерін (TIMER ON) реттемелеу Қашықтан басқару тетігі өшірілген кезде TIMER батырмасын басу арқылы кондиционерді қосу таймері қосылып, дисплейде TIMER ON индикаторы және таймер уақыты жарқылдап көрінеді. Уақыт белгілеу диапазоны 0,5 сағаттан (30 минут) 24 сағатқа дейін. Кондиционерді қосу таймерінің тиісті уақытын реттемелеу үшін, жоғары/ төмен батырмаларын басыңыз. Бұл батырмаларды басқан сайын уақыт 0,5 сағатқа (30 минутқа) ұлғаяды немесе азаяды. Таймер мәні 10 сағатқа жеткен кезде, бұл батырмаларды басқан сайын уақыт 1 сағатқа ұлғаяды немесе азаяды. Кондиционерді қосу таймерін іске қосу үшін TIMER батырмасын қайта басыңыз. Тетік дисплейінде таймер бойынша қосылғаннан кейін кондиционердің жұмысының реттемелерін көрсетіледі. Қажет болғанда, оларды өзгертуге болады. Берілген уақыттан соң кондиционер берілген реттемелерімен автоматты түрде қосылады. Кондиционерді өшіру таймерін (TIMER OFF) реттемелеу Қашықтан басқару тетігі қосулы кезде TIMER батырмасын басқанда кондиционерді өшіру таймері қосылып, дисплейде TIMER OFF индикаторы және таймер уақыты көрсетіледі. Уақыт белгілеу диапазоны 0,5 сағаттан (30 минут) 24 сағатқа дейін. Кондиционерді қосу таймерінің тиісті уақытын реттемелегеннен кейін, «Жоғары/төмен» батырмаларын басыңыз. Бұл батырмаларды басқан сайын уақыт 0,5 сағатқа (30 минутқа) ұлғаяды немесе азаяды. Таймер мәні 10 сағатқа жеткен кезде, бұл батырмаларды басқан сайын уақыт 1 сағатқа ұлғаяды немесе азаяды. Кондиционерді өшіру таймерін белсендіру үшін TIMER батырмасын қайта басыңыз. Берілген уақыттан соң кондиционер автоматты түрде өшіріледі.

6. iFAVOR («Сүйікті реттемелер») батырмасы

Кондиционердің жұмысы кезінде бұл батырманы басу арқылы пайдаланушының алдын-ала орнатқан жұмыс реттемелері күшіне еніп, тетік дисплейінде iFAVOR индикаторы жарқылдайды. Батырманы қайта басқан кезде осы режим қосылғанға дейін берілген реттемелер қайтарылады.
Жұмыстың пайдаланушылық реттемелерін беру үшін, алдымен талап етілетін параметрлердің мәндерін орнатып, iFAVOR батырмасын 3 секундтан артық ұстап тұру қажет. Пайдаланушылық режимнің параметрлерін жазу тетік дисплейінде iFAVOR индикаторының үш мәрте жарқылдауымен расталады.

7. iFEEL («Атмосфера») батырмасы

Батырманы басу кондиционердің өнімділігін қашықтан басқару тетігінің ішіне кіріктірілген температура хабаршысы бойынша реттеу режимін қосады. Тетік дисплейі ROOM индикаторымен бірге тетіктің орналасқан жерінде ауаның бөлме температурасының мәнін көрсетеді. Кондиционер өшірілген немесе батырма қайта басылған жағдайда, режим өшіріледі.

8. HEALTH («Денсаулық») батырмасы

«Денсаулық» режимі қосылған кезде сплит-жүйе қоршаған орта температурасына қарай, автоматты түрде салқындату немесе жылыту режимінде жұмыс істеуді

бастап, бөлмежай ішінде пайдаланушы үшін қолайлы жағдайлар туғызады.

9. SLEEP («Ұйқы») батырмасы

Түнгі жұмыс режимі батырмасы басылған кезде тетік дисплейінде SLEEP индикаторы жарқылдап, ал ішкі блоктың сыртқы панеліндегі дисплей өшіп қалады. Бұл режимде ішкі блок желдеткіші төмен жылдамдықпен айналып, ал кондиционерде қолданылатын температура келесідей түрде өзгереді.

10. iCLEAN («Тазарту») батырмасы

Кондиционер өшірулі кезде батырманы басқанда, ішкі блокты тазарту режимі қосылып, тетік дисплейінде iCLEAN индикаторы мен CL символдары жарқылдап көрініп, ішкі блоктың сыртқы панеліндегі дисплейде CL символдары көрінеді. Тазарту блоктың буландырғышы мен ішкі қуыстарының бетіндегі ылғалды кетіру үшін қажет. Ылғалды кетіру бактериялардың пайда болып, өсуінің, сондай-ақ блок ішінде көгістің түзілуінің алдын алады. Тазарту режимінің ұзақтығы 35 минутқа созылады. Кондиционерді өшіргенде немесе батырманы қайта басқанда режимі айрылып қалады.

11. Anti-FUNGUS («Антикөгіс») батырмасы

Қашықтан басқару тетігі мен кондиционер өшірулі кезде батырманы басу кондиционер өшірілгеннен кейін ішкі блокты автоматты үрлеу режимін қосып, тетік дисплейінде Anti-FUNGUS индикаторы жарқылдайды. Режимнің қосылғаны пәрмендердің қабылданғанын растайтын алғашқы бес сигналдан соң шығатын дыбыстық сигналдар сериясымен расталады. Бұл функция белсендірілгенде, кондиционер әр қосылған сайын ол айырылып қалғанға дейін, ішкі блоктың желдеткіші қосымша үш минут бойы төмен жылдамдықпен жұмыс істейді.

Бұл функция буландырғыштың көгіс тартуының алдын алуға, соңынан жағымсыз иістің таралуының алдын алуға бағытталады.

Функция орындалып жатырған кезде және толық аяқталғанға дейін кондиционерді қайта қоспаған жөн.

Кондиционерді қорек көзінен ажыратудан басқа жағдайларда кондиционерді алдағы уақыттағы өшірулер кезінде режим әдепкідей жұмыс істейтін болады.

Басқару тетігі және кондиционер өшірулі болған кезде кондиционерді қорек көзінен айыру немесе батырманы қайта басу Anti-FUNGUS режимін өшіреді. Режимнің өшірілгені пәрмендердің қабылданғанын растайтын алғашқы бес сигналдан соң шығатын дыбыстық сигналдар сериясымен расталады.

12. DISPLAY («Дисплей») батырмасы

Батырманы басқанда ішкі блоктың сыртқы панелінде дисплей жарықшасы өшіріліп, тетік дисплейінде DISPLAY индикаторы жарқылдайды, қайта басқан кезде ішкі блоктың сыртқы панеліндегі дисплей жарықшасы қосылады.

13. MODE («Жұмыс режимі») батырмасы

Батырманы басқан сайын кондиционердің жұмыс режимі келесі ретпен өзгереді:

«Автоматты» / «Салқындату» / «Құрғату» / «Жылыту» / «Желдету». Тетік дисплейінде тиісті режимнің индикациясы жарқылдайды: AUTO («Автоматты»), COOL («Салқындату»), DRY («Құрғату»), HEAT («Жылыту»), FAN («Желдету»).

Автоматты режимде кондиционер бөлмежайдағы ауаның температурасына қарай салқындату немесе жылыту режимін автоматты түрде таңдап, пайдаланушы үшін қолайлы жағдайлар туғызады. Мақсаттық температура басқару тетігінің дисплейінде көрсетілмейді және оны өзгерту мүмкін емес.

Желдету режимінде кондиционер ішкі блоктың желдеткішін ғана қосады. Бұл режимде кондиционер бөлмежайдағы температураны қолдамайды. Мақсаттық температура басқару тетігінің дисплейінде көрсетілмейді және оны өзгерту мүмкін емес.

Назар аударыңыз! Кондиционер таза ауа ағынын келтірмейді!

14. °C/°F батырмасы

Функция қолданылмайды.

15. Мақсаттық температураны ұлғайту батырмасы

Батырманы басқан сайын +16...+32°C диапазонында мақсаттық температура мәні 1°C-қа ұлғаяды. Мақсаттық темпе-

ратураның берілген мәні тетік дисплейінде және ішкі блоктың сыртқы панелінде көрсетіледі.

16. Мақсаттық температураны азайту батырмасы

Батырманы басқан сайын +16...+32°С диапазонында мақсаттық температура мәні 1°С-қа азаяды. Мақсаттық температураның берілген мәні тетік дисплейінде және ішкі блоктың сыртқы панелінде көрсетіледі.

БАСҚАРУ ТЕТІГІНІҢ ДИСПЛЕЙІ



1. AUTO – автоматты жұмыс режимінің индикаторы
2. COOL – салқындату жұмыс режимінің индикаторы
3. DRY – құрғату жұмыс режимінің индикаторы
4. HEAT – жылыту жұмыс режимінің индикаторы
5. FAN – желдету жұмыс режимінің индикаторы
6. SPEED (TURBO, HIGH, MID, LOW, AUTO) - желдеткіштің айналу жылдамдығының индикаторлары
7. SET – мақсаттық температура индикаторы
8. ROOM – бөлмежайдағы температура индикаторы
9. SWING -жалюзидің тербеліс индикаторы
10. iFAVOR – пайдаланушының дербес реттемелерінің қосылу индикаторы
11. HEALTH – «Денсаулық» режимінің индикаторы
12. LOCK – басқару тетігі пернелерін бұғаттағыштың қосылу индикаторы
13. DISPLAY – ішкі блоктың сыртқы панеліндегі дисплей жарықшасының қосылу индикаторы
14. Anti-FUNGUS – кондиционер өшірілгеннен кейін ішкі блокты автоматты үрлеу режимінің қосылу индикаторы
15. EHeater – пайдаланылмайды
16. iCLEAN – ішкі блоктың өздігінен тазару функциясының қосылу индикаторы
17. SLEEP – түнгі жұмыс режимінің қосылу индикаторы
18. ON/OFF – кондиционерді қосу/ өшіру индикаторлары
19. TIMER ON/OFF – кондиционерді қосу таймері/ өшіру таймері индикаторлары

БАТАРЕЯЛАРДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ

ҚБТ-ға қуат беру үшін AAA типті екі батарерия пайдаланылады.

1. Қуат беру элементтері бөлімінің қақпағын ысырыңыз және бөлімнің қабырғасында көрсетілген «+» и «-» символдарына сәйкес батареяларды салыңыз.
2. Батареяларды ауыстыру үшін де осы операцияны жасаңыз.

Ескерту:

1. Ауыстыру ке зінде ескі батереяларды немесе басқа типті батареяларды қолданбаңыз. Бұл ҚБТ-ның қалыпты жұмыс істеуінің бұзуына әкелуі мүмкін.
2. Егер Сіз ҚБТ-ны 1 айдан астам уақыт пайдаланбасаңыз, одан батареяларды алып тастаңыз, себебі олар ағып кетуі және ҚБТ бүлдіруі мүмкін.
3. Аспапты күн сайын пайдаланған кездегі қуат беру элементтерінің қолданылу мерзімі 6 ай шамасын құрайды.
4. Қашықтан басқару командаларын қабылдаудың дыбыстық растауы болмаса немесе сигнал беру белгішесі жоғалып кетсе, батареяларды ауыстырыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Аспапқа қызмет көрсетер алдында, оны электр желісінен ажыратыңыз.

ІШКІ БЛОКТЫҢ АЛДЫҢҒЫ ПАНЕЛІНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

Аспапты мұқият күту және уақтылы тазалау оның қолданылу мерзімін ұзартады және электр энергиясын үнемдейді.

Тазалау кезінде төмендегідей ұсынымдарды ұстаныңыз:

- орнықты жерге тұрыңыз, әйтпесе құлап кетсеңіз, аспапты бұзып алуыңыз немесе өзіңізді жарақаттауыңыз мүмкін;
- алдыңғы панельді шешіп алу кезінде жарақат алып қалмау үшін, корпустың металл бөлшектеріне жақындамаңыз;
- аспаптың алдыңғы панелін және қашықтан басқару тетігін тазалау кезінде, ласты құрғақ майлықмен сүртіп алу мүмкін болмаған жағдайда, ылғал майлықты қолданыңыз.

Ескерту

1. Аспап пен ҚБТ-ны сумен жумаңыз!
2. Тазалау үшін құрамында спирті бар сұйықтықтарды, бензинді, майды немесе жылтыратқыш құралдарды қолданбаңыз.
3. Алдыңғы панельдің бетіне қатты қысым түсірмеңіз, бұл оның түсіп кетуіне әкелуі мүмкін.
4. Тазалау кезінде аспап корпусының бетін бүлдірмеу үшін абразивті тазалау құралдарын немесе металл қырғыштарды қолданбаңыз.
5. Су температурасы 45 °С-ден аспау керек. Бұл пластиктің майысуына немесе түсінің кетуіне әкелуі мүмкін.

АУА СҮЗГІСІН ТАЗАЛАУ

1. Аспаптың алдыңғы панеліндегі қорғаныш торларын шешіп алыңыз. Ауа сүзгілерін шығарып алыңыз.
2. Сүзгіні шаңсорғыш арқылы тазалаңыз немесе сумен жуыңыз. Егер сүзгі қатты ластанған болса, оны жұмсақ жуғыш затты қолдану арқылы жылы сумен жуыңыз. Сүзгілерді мұқият кептіріңіз.
3. Сүзгілерді орнына орнатыңыз және қорғаныш торларын жабыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Маусымның аясында

Келесідей іс-әрекеттерді орындау керек:

- сплит-жүйені ұзақ уақытқа «Желдету» режиміне қосыңыз;
- осыдан кейін аспапты желіден айырыңыз;
- ауа сүзгілерін тазартыңыз;
- ішкі және сыртқы блокты жұмсақ құрғақ майлықпен сүртіңіз;
- ҚБТ-дан батареяларды алып тастаңыз.

Маусымның басында

Келесідей іс-әрекеттерді орындау керек:

- қоршау орны мен ішкі және сыртқы блоктардағы ауа шығатын жер бұғатталмағандығына көз жеткізіңіз;
- сыртқы блокты тот пен коррозия баспағанына көз жеткізіңіз;
- ауа сүзгілерінің тазартылғандығына көз жеткізіңіз;
- аспапты желіге қосыңыз;
- ҚБТ-ға батареяларды орнатыңыз.

6. МҮМКІН БОЛАТЫН АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

1	Сплит-жүйе іске қосылмайды	- Аша электрлік қуат беру розеткасына дұрыс тығылмаған - ҚБТ-дағы батареялардың қуаты таусылған - Қорғаныш іске қосылды - Электр желісі кернеуінің жеткіліксіздігі
2	Ауа салқындамайды немесе жылынбайды	- Қоршау және ауа шығу жерлері бұғатталған - Температура дұрыс дәлденбеген - Ауа сүзгісі ластанған
3	Сплит-жүйесін басқарудағы іркілістер	Көп кедергілер кезінде (статикалық электрліктің тым жоғары деңгейі, электр қуат беру желісіндегі іркілістер) аспап үзіліспен жұмыс істеуі мүмкін. Бұл жағдайда кондиционерлеу жүйесін желіден ажыратыңыз және 2-3 секундтан кейін қайта қосыңыз
4	Бірден іске қосылмайды	Аспаптың жұмыс істеу кезінде режимді өзгерту 3 минуттан кейін іске қосылады
5	Жағымсыз иіс	Сплит-жүйенің жұмыс істеуі кезінде ол жағымсыз иістерді (мысалы жиһаз, темекі иісін) жұтып алып, ауамен бірге шығаруы мүмкін
6	Ағып тұрған судың шуылы	- Кондиционерлеу жүйесіндегі хладагенттің айналымымен болған және бұл ақаулық болып саналмайды - Жылыту кезінде мұзданған суды еруінің дыбысы
7	Жарылған тәрізді дыбыс	Дыбыс температураның өзгеруінің нәтижесінде алдыңғы панельдің кеңеюінен немесе қысылуынан болуы мүмкін
8	Шығу саңылауынан ылғал бүркіп тұр	Салқындату немесе кептіру режимінде салқын ауаның шығуынан орынжайдағы ауа өте салқын болса, ылғал орын алады
9	«Жылыту» режимін іске қосқан кезде, ауа бірден шықпайды	Сплит-жүйе жылы ауаны шығаруға жеткілікті дәрежеде дайын емес. 2-5 минут күтуіңізді өтінеміз
10	Жылыту режимінде ауа шығару 5-10 минутқа тоқтап қалады	Аспап автоматты түрде мұзданған еріп жылынады, сыртында буланы пайда болады. Мұздан еріп жылынғаннан кейін, кондиционерлеу жүйесі автоматты түрде жұмысын жалғастырады
11	ҚБТ дұрыс жұмыс істемейді	- Сигнал қабылдағышы мен ҚБТ арасында кедергі бар - Батареялардың қуаты таусылған

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жабдықты құрар алдында, берілген нұсқаулықпен егжей-тегжейлі танысу ұсынылады.
- Құрастыруға байланысты жұмыстарды Электр қондырғыларын құру қағидаларына (ЭҚҚҚ) сәйкес уәкілетті білікті қызметкер ғана орындау керек.
- Сплит-жүйе сенімді түрде жерге тұйықталған болу керек.
- Сплит-жүйені қосар алдында, құбырлар мен су құбырларының қосылыстарын мұқият тексеріңіз.
- Аспапты кір жуатын немесе жуынатын бөлмеге орнатуға тыйым салынады.
- Электр қуат беру көзінің ашасы аспап орнатылғаннан кейін қолжетімді болу керек.
- Сплит-жүйені құру кезінде жеткізу жиынтығына қосылмаған бөлшектер қажет болуы мүмкін. Мұндай бөлшектерді өз бетімен сатып алу керек.

ІШКІ БЛОКТЫҢ ОРНАЛАСУЫ

Ішкі блокты орнатудың екі тәсілі бар: төбеге және еденге.

Төбеге орнату

1. Ілуге арналған негізді таңдап алыңыз. Аспа ағаш қаңқадан немесе темір бетоннан жасалған құрылым болып табылады. Аспаның 200 кг-нан астам салмаққа және ұзақ уақыт бойы дірілге төзімді екендігіне көз жеткізуіңіз керек.
2.Аспалы негізді бекіту.
Аспа бекіткішінің бұрандаларын болат немесе ағаш тіреуіштерімен бекітіңіз.
3. Ішкі блокты ілу.
Ішкі блок 3 және 4-суреттерде көрсетілгендей іліну керек.
4. Аспапты орнатқаннан кейін, оның мұқият бекітілгендігіне, селкілдемейтіндігіне және шайқалмайтындығына көз жеткізіңіз.
Орнату аяқталғаннан кейін, аспаптың артқы бөлігі алдыңғысынан төмен тұру керек



1-сурет



2-сурет



Рис. 3

4-сурет


5-сурет



6-сурет

(4-сурет). Әйтпесе бұл ауа шығаратын саңылаудан дренаждың шығуына әкелуі мүмкін.

5. Дренаждық құбырды орнату

Дренаждық құбыр конденсаттың жиналып қалуының алдын алу үшін дұрыс салыну керек.

Конденсатты кедергісіз бұру үшін құбырды белгіленген бұрыш (1/100-150) бойынша орнату керек. Дренаждың көтерілуін болдырмау қажет (6-сурет).

Еденге орнату

Еденге орнату кезінде ішкі блок көлденең орнатылу керек немесе дренаждың ағуы үшін қисайтылу керек (5-сурет).

СЫРТҚЫ БЛОКТЫҢ ОРНАЛАСУЫ

Сыртқы блоктың орналасуы оның жұмыс істеуіне тікелей әсер етеді. Сыртқы блок мейлінше тиімдірек жұмыс істеу үшін, орнату орнын таңдау кезінде келесідей талаптарды сақтау қажет:

- Жылу көзінен және тез жанатын газ бен түтіннен алыста.
- Жаңбыр мен қар және тікелей күн сәулесінен қорғалған, жақсы желдетілетін орында.
- Дұрыс құрастырылған блок айналаға шуылмен және дренаждық құбырдан ағатын судың дыбысымен кедергі келтірмейді.
- Сыртқы блокқа одан әрі қызмет көрсетуді жеңілдету үшін оны қолжетімді жерге орнатады.
- Сыртқы блок шуылдың немесе дірілдің көбеюіне әкеп соқпайтын мықты және берік негізге құрастырылады.
- Салқындатудың жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін, аспаптың алдыңғы, артқы, сол және оң жағы ашық алаңда тұрғандығына көз жеткізіңіз.

Келесі суреттерде аспаптың дұрыс және қате орнатылуы көрсетілген:



Орнату орнын таңдағаннан кейін, желдетуге және дұрыс қызмет көрсетуге қолжетімді арақашықтықты қамтамасыз ету үшін сыртқы блок 7-суретке сәйкес орнатылу керек.



A>300 мм	B>1500 мм
C>300 мм	D>500 мм

7-сурет

Екі блокты электр сымы және екі мыс түтікшелері жалғайды. Қабырға арқылы дренаждық құбыр шығарылады. Барлық коммуникациялар дұрыс таңдалу, қосылу, салыну және бекітілу керек.

МЫС ТҮТІКШЕЛЕРІН ЖАЛҒАУ

1. Тоңазытқыш техникаға арналған арнайы құбырларды пайдаланыңыз. Ластанған құбырларды (ылғалды және шаң басқан) пайдалануға жол берілмейді.
2. Құбырлар дәнекерлеу арқылы жалғанады.
3. Құбырлардың стандарттық ұзындығы 5 м-ді құрайды. Егер блоктар арасындағы арақашықтық 5 м-ден асса, үлкен диаметрлі құбырларды пайдалану керек. Құбырлардың диаметрі мен ұзындығы туралы мәліметтер 1-кестеде көрсетілген.
   Осы шектерден аспаңыз, өйтпеген жағдайда компрессордың істен шығуы орын алуы мүмкін. Құбыр желілерін мейлінше азырақ иіп төсеуге тырысыңыз және құбырды төсеу үшін әрқашан ең қысқа жолды таңдаңыз. Себебі құбыр желісінің ұзындығын және иілу санын көбейту аспаптың өнімділігін азайтады және энергияны тұтынуды көбейтеді.
4. Құбыр кескіштердің көмегімен құбыр тілімдерін кесіп алыңыз және кесілген жерлерді жазып және тегістей отырып, арнайы құралмен қылаулары бар жиектерді өңдеңіз. Қылауларды кетіру үшін қарапайым ара мен егеуді пайдаланбаңыз – құбырдың ішінде міндетті түрде жоңқалары қалады, олар жүйенің ішіне кіріп, компрессорды тез бұзады.
5. Құбырдың бір жерін 3 реттен артық июге жол берілмейді (бұл кішкене жарықтардың пайда болуына әкелуі мүмкін). Құбырды ию үшін құбыр игішті қолданыңыз.
6. Дайындалған құбырға жылу оқшаулағыш түтікшені кигізіңіз. Бұл ретте толық жылу оқшаулау болуы және қабырға ішінен өтуі керек. Жылу оқшаулағыштар тіліктерінің жіктерін жиектерінің берік жымдасуына қол жеткізе отырып, металдандырылған скотчпен жапсырыңыз. Жылу оқшаулау сапасы маңызды, себебі құбырлардың жылытылмаған жерлерінде конденсат қалыптасады, ол мұзданған ағып түскен іздер жасап, қабырғаны бүлдіре отырып, қабырға ішінде ағуы мүмкін.
7. Жылу оқшаулағыш орнатылған мыс құбырларын қабырғадағы саңылау арқылы өткізу керек. Мұның алдында құбырдың ішіне шаң кірмеу үшін, қабырғаға енгізілетін жиектерін мұқият бітеп орау керек (құбырларды кескеннен кейін, оларды екі жағынан тығындауға және сол тығындарды құбырларды қосқанға дейін қалдыруға кеңес береміз). Бұл өте маңызды сәт, себебі шаң компрессорды тез істен шығарады.

ЭЛЕКТР СЫМДАРЫН ҚОСУ

1. Ішкі және сыртқы блокта астында кабельді қосуға арналған жалғағыштары бар алынбалы пластина орналасады.
2. Сымның ұшын оқшаулағыштан тазартыңыз және қысқыштармен қыса отырып, ашық талшығына клемма орнатыңыз. Дайындалған кабельді сызбаға сәйкес қосыңыз (8-сурет).

1-кесте

Параметрлер / Модель	Құбырлар диаметрі (мм)		Құбырлардың ең жоғары ұзындығы (м)	Биіктігі (м)	Ең көп бұрылу саны
	Сұйықтық	Газ			
CT-66A60	9.52	19.05	50	30	10
CT-66A48	9.52	19.05	50	30	10
CT-66A36	9.52	15.88	30	20	10
CT-66A24	9.52	15.88	20	15	10
CT-66A18	6.35	12.70	20	15	10

ДРЕНАЖ

1. Дренаждық түтікшені ішкі блоктағы сәйкес шықпаға қосыңыз және қабырға арқылы сыртқа шығарыңыз. Түтікшенің ұзындығын қабырғадан 60-80 см қашықтықта бітетіндей етіп есептеңіз. Дренаж салу кезінде көше жағына 1 м ұзындыққа 1 см-ден кем емес көлбеулікті сақтау қажет.
2. Салбырамау үшін түтікшені әрбір метр сайын бекітіп отыру керек. Өйтпеген жағдайда жиналып қалған конденсат еденіңізге немесе жиһазыңызға ағуы мүмкін. Түтікшені қабырғадағы саңылау арқылы сыртқа шығару кезінде тығынмен жаба тұруды ұсынамыз.

ЖЫЛУМЕН ОҚШАУЛАУ ЖӘНЕ БІТЕУ

Құбыр желісі мен дренаждық құбырды бүлдірметіндей етіп, мыс түтікшелерді, электр сымдарын және дренаждық түтікшені металдандырылған скотчпен бірыңғай мұқият ораңыз (9-сурет).

Орап байлау сыртқы блоктың төмен жағынан ішкі блокка қарай басталу керек. Егер ішкі блок сыртқы блоктан төмен орналасса, судың үйге ағуының алдын алу үшін, дренаждық түтікшені қабырғаның сыртқы жағынан қалған түтікшелерден бөлек салыңыз.

Түтікшені қабырғаға бірнеше жерден бекітіңіз. Қаласаңыз, барлық түтікшелерді қабырға ішіне тығып жіберуге – қабырғада түтікшелерді салатын жолды қашап, оның ішіне түтікшелерді салып, содан соң оны бітеп тастауға болады. Құбырлар сыртқы блокка 20:1 көлбеулікпен салыну керек.

Жаңбыр суының немесе басқа бөгде заттардың орынжайға немесе сплит-жүйеге кіруіне жол бермеу үшін, құбырлар мен электр кабелін орнатқаннан кейін, қабырғадағы саңылауды мастикамен, герметикпен немесе бітеуішпен бітеу керек.

Егер сыртқы блок ішкі блоктан жоғары болса, түтікшенің төменгі нүктесі қабырғадағы саңылаудан төмен болу үшін, құбыр иілу керек. Бұл жаңбыр суының құбыр желісінің бойымен орынжайдың немесе сплит-жүйенің ішіне кіруінің алдын алады (10-сурет).



8-сурет



9-сурет



10-сурет

БЛОКТАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРУ

Егер блоктарды орнатудағы биіктік ауытқуы 5 метрден кем болса, газ құбырының түбінде майды (май қармауышы) ұстап қалуға арналған күрмек жасау керек.

Егер блоктарды орнатудағы биіктік ауытқуы 5 метрден артық болса, әрбір 5 метрде газ құбырының астында майды (май қармауышы) ұстап қалуға арналған күрмек және құбыр желісінің жоғарғы нүктесінде қысқа күрмек (сұйықтықтық сақина) жасау керек 11-сурет.

Егер сыртқы және ішкі блок бір деңгейде және құбыр желісінің ұзындығы 10 метрден кем болса, майды ұстап қалуға (май қармауышы) арналған күрмек пен қысқа күрмекті (сұйықтықтық сақина) жасау қажет емес.

Егер сыртқы және ішкі блок бір деңгейде және құбыр желісінің ұзындығы 10 метрден артық болса, онда әрбір 10 метр сайын майды ұстап қалуға (май қармауышы) арналған күрмек жасау керек.



11-сурет

ТҮТІКШЕЛЕРДІ ҚОСУ

Алдымен түтікшелерді ішкі блокка қосыңыз. Онда порттардан сомынды бұраңыз. Сомындардың босауына қарай быжыл естіледі. Азот солай шығады. Бұл қалыпты – іші тотықпау үшін, азотпен зауытта толтырылған. Быжыл аяқталғаннан кейін, тығынды суырып алып, сомынды алып тастаңыз, оны түтікшеге кигізіңіз, содан соң түтікшелерді икемдеуге кірісіңіз.

Икемдеу

Алдымен тығындарды алып тастап, жиектерін тексеріңіз. Олар тегіс, дөңгелек, қылауларсыз болу керек. Егер кесу кезінде қима дөңгелек болмаса, калибраторды қолданыңыз. Оны құбырға салыңыз, қиманы түзей отырып айналдырыңыз.

Түтікшелер жиегінің 5 см мұқият тегістеңіз, содан соң тұйық жүйе жасай отырып, блоктардың кіріс/шығыс жерлерін қосуға болатындай етіп, жиектерді икемдеңіз. Бұл бөлікті дұрыс орындау өте маңызды, себебі фреон айналымының жүйесі бітеу болу керек. Сонда ғана кондиционерге фреонды



12-сурет

толтырып құю жақын уақытта қажет болмайды.
Икемдеу кезінде мыс қалдықтары ішке түспей, сыртқа төгілу үшін, құбырды саңылауымен төмен қарай ұстап тұрыңыз. Сыртқа 2 мм шығара отырып, түтікшені ұстағыштан қысыңыз. Түтікшені қысыңыз, икемдеу конусын қойыңыз, күш түсіре отырып айналдырыңыз. Конус ары қарай жүрмеген кезде, икемдеу аяқталады. Осы әрекетті басқа жағынан, содан соң басқа түтікшеге қайталаңыз.
Егер сіз бұрын құбырларды икемдеп көрмесеңіз, керексіз қалдықтармен жаттығып көріңіз. Жиегі тегіс болып шығу керек.

Блоктармен байланыстыру

Икемделген құбыр жиегін сәйкес шықпамен жалғаңыз, сомынды бұраңыз. Қосымша аралықтарды, герметиктерді және с.с. пайдалануға тыйым салынады. Қосымша құралдарсыз бітеулікті қамтамасыз ету үшін, жоғары сапалы мыстан жасалған түтікшелерді пайдаланыңыз.
Қаттырақ күш салыңыз (2-кестені қараңыз).

2-кесте

Құбырдың өлшемі (мм)	Айналу моменті (N. м)
ф 6.35 (1/4")	15~19
ф 9.52 (3/8")	35~40
ф 12.70 (1/2")	50~60
ф 15.88 (5/8")	62~76
ф 19.05 (3/4")	98~120

Тек осы жағдайда мыс жалпаяды, жалғастықты қысады, жалғау іс жүзінде біртұтас және бітеу болады. Әрқашан дұрыс айналу моментіне орнатылған торсионды кілтті қолданыңыз және әрқашан ішкі блоктың қысымтығынын сомынды кілтпен ұстап тұрыңыз (12-сурет).
Осыған ұқсас тәсілде құбыр желісін сыртқы блокка қосыңыз.
Құбырларды қосуды аяқтағаннан кейін, жалғанулардың бітеулігіне толық сынақ жүргізіңіз.

ВАКУУМДАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Салқындату жүйесіндегі ылғалды ауа компрессордың жұмыс істеуінде ақаулықтар туғызуы мүмкін.

Аспапты құру кезінде орынжайдан немесе сырттан кіретін ылғалды ауа мыс түтіктерді толтырып тастайды. Нәтижесінде компрессор көп жүктемемен жұмыс істейді, бұл қызып кетуге әкеледі.
Ылғалдың болуы жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне де теріс әсер етеді. Себебі сплит-жүйеге толтырылған фреонның құрамында элементтерді ішінен майлауға арналған азғантай майдың мөлшері бар. Бұл май ылғал тартқыш, бірақ суды сіңіріп алған жағдайда, іштен майлау тиімділігі төмен болады, бұл уақытынан бұрын тозуға әкеледі.
Жүйенің ішінен ауаны шығару вакуумдық сору арқылы жүзеге асырылады.
Сондай-ақ сізге жоғары қысымды құбыр, екі манометр тобы: жоғары қысым және төмен қысым манометрі қажет болады (13-сурет).
Басқару шұраларындағы қысымтығындарды ашпай, бөліп таратқышы бар кірісіне вакуумдық сорғыдан шығатын құбыршекті қосыңыз. Ол 15-30 минут жұмыс істеу керек. Осы уақыттың ішінде барлық ауа, бу, азот қалдықтары тартып алынады. Содан соң сорғыны айырыңыз,сорғы шұрасын жабыңыз, бірақ ажыратпаңыз, тағы да 15-20 минутқа қалдыра тұрыңыз. Осы уақыттың барлығында манометрлердің көрсеткіштерін бақылау керек. Егер жүйе саңылаусыз, қысымда өзгеріс жоқ болса, манометрлердің тілдері тұрып қалады. Егер манометр тілдері өзінің бағытын өзгертсе, бір жерде саңылау бар және оны жою керек. Оны сабынды көпіршіктің көмегімен табуға және қосылысты қысуға болады (көбінесе саңылау мыс түтікшелердің блоктың шығысына қосылған жерінде болады).
Егер барлығы қалыпты болса, сорғының құбыршегін айырмай, төменде орналасқан қысымтығынды толығымен ашыңыз. Жүйе ішінде дыбыс естіледі – фреон

жүйені толтырып тастайды. Енді тезірек вакуумдық сорғының құбыршегін ағытып алыңыз – қысымтығыннан мұздың фреонның аздаған мөлшері атып шығу мүмкін (қолыңыз үсіп кетпеу үшін, операцияны қолғаппен орындаңыз). Енді жоғарыдағы қысымтығынды (жіңішкерек түтүкше қосылған жердегі) толықтай бұрап ағытып алыңыз.

Сплит-жүйені орнату аяқталды.

САЛҚЫНДАТҚЫШ АГЕНТТІ ТОЛТЫРА ҚҰЮ

Егер құбыр желісінің ұзындығы 5 метрден артық болса, онда жүйеге 3-кестеге сәйкес салқындатқыш агентті толтыра құю керек.

3-кесте

Газ	Сұйықтық	Қосымша салқындатқыш агент
ф 9.52х0.75 мм	ф 6.35х0.75 мм	0.02 кг/м
ф 12.70х1,00 мм	ф 6.35х0.75 мм	0.02 кг/м
ф 15.88х1,00 мм	ф 9.52х0.75 мм	0.03 кг/м
ф 19.05х1,00 мм	ф 9.52х0.75 мм	0.03 кг/м



13-сурет

8. АҚАУЛЫҚТАР КОДТАРЫ

Ақаулықтар туындаған кезде, CENTEK сплит-жүйесінің өздігінен диагностикалау жүйесі келесі кодты көрсетеді. Сіз кодтың түсіндірмесін төмендегі кестеден қарай аласыз.

Қателік коды	Қателік кодын анықтау	Иә/жоқ	Мәселе, ықтимал себептер
E0	Салқындатқыш агенттің жеткіліксіздігі	Жоқ	Компрессордың ішкі қорғанышы: – Жүйеде салқындатқыш агент жетіспейді – 4-жүрісті қысымтығынның реверсивтік іркілісі
E1	Орынжай ішіндегі температура хабаршысының жұмысы бұзылған (TA)	Иә	– Хабаршының бұзылуы – Хабаршының жалғанған жерінде ақау бар
E2	Еріту температурасы хабаршысының жұмысы бұзылған (TW)	Иә	– Хабаршының бұзылуы – Хабаршының жалғанған жерінде ақау бар
E3	Шарғының ішкі хабаршысының жұмысы бұзылған (TE)	Иә	– Хабаршының бұзылуы – Хабаршының жалғанған жерінде ақау бар
E4	Дренаждық жүйенің істен шығуы	Иә	– Су сорғысының бұзылуы – Су деңгейі хабаршысының бұзылуы – Су деңгейінің релесі бұғатталған
E5	Сым- өткізгіш бақылағышы байланысының іркілісі	Иә	– Байланыс сымдарының дұрыс қосылмауы – Байланыс сымдарының жалғанған жерінде ақау бар
E6	Сыртқы блок қорғанышы (фазалардың реттілігі)	Жоқ	– Күштік кабель фазасының болмауы – Қуат беру кабелі фазаларының реттілігінің қателігі
E7	Сыртқы конденсатор температурасы хабаршысының жұмысы бұзылған (TL)	Иә	– Хабаршының бұзылуы – Хабаршының жалғанған жерінде ақау бар
E8	Айдау температурасы хабаршысының жұмысы бұзылған (TP)	Иә	– Хабаршының бұзылуы – Хабаршының жалғанған жерінде ақау бар
E9	Төмен қысымнан қорғау	Иә	– Жүйедегі салқыдатқыш агенттің өте төмен қысымы
EA	Сыртқы блоктың қорғанышы (айдау температурасы өте жоғары)	Жоқ	– Сыртқы блоктың қызып кетуінің салдарынан сыртқы қорғаныш құрылғысының әрекет етуі
F1	Ішкі және сыртқы блоктар арасындағы байланыстың іркілісі	Иә	– Байланыс сымдарының үзілуі – Байланыс сымдарының нашар жалғануы
F2	Пайдаланылған газдың қызып кетуінен қорғау	Иә	– Жүйе бұғатталған немесе сыртқы желдеткіштің ақаулығы
F3	Сыртқы желдеткіштің жұмысы бұзылған	Иә	– Сыртқы қозғалтқыштың жалғанған жерінде ақау бар – Моторы сынған
F4	Ішкі желдеткіштің жұмысы бұзылған	Иә	– Сыртқы қозғалтқыштың жалғанған жерінде ақау бар – Моторы сынған
F5	Сыртқы ауа температурасы хабаршысының жұмысы бұзылған	Иә	– Хабаршының бұзылуы – Хабаршының жалғанған жерінде ақау бар
F6	Компрессор тогы бойынша аса жүктелуден қорғау	Жоқ	– Компрессор бұғатталған – Төмен кернеу
F7	Жұмыс істеу режимін таңдау ауыстырғышы істен шыққан	Иә	– Айырып-қосқыштың қате позициясы
FB	Ішкі қуат беру қорғанышы	Иә	– Желі кернеуі жұмыс кернеуіне сәйкес келмейді
F9	Жоғары қысымнан қорғау	Иә	– Конденсатор бұғатталған – Сыртқы желдеткіштің қалыпты жұмыс жасамауы – Жүйенің құбыры бұғатталған

9. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	Режим/ блок	CT-66A18	CT-66A24	CT-66A36	CT-66A48	CT-66A60
Өндірімділігі	Вт	Салқындату Жылыту	5300 5860	7200 8100	10600 11720	14070 15530	17600 18610
Энергиялық тиімділігі	EER COP	Салқындату Жылыту	3.10 3.41	3.11 3.37	2.81 3.34	2.87 3.02	3.08 3.21
Номиналды тұтыну қуаты	Вт	Салқындату Жылыту	1700 1700	2320 2400	3770 3500	4900 5130	5710 5780
Номиналды тұтыну тоғы	А	Салқындату Жылыту	7.80 7.73	10.55 10.91	6.76 6.28	8.88 9.33	10.42 10.83
Электрлік қуат беру кернеуі	В/Гц/ф	Ішкі Сыртқы	220-240/50/1	220-240/50/1	220-240/50/1 380-415/50/3	220-240/50/1 380-415/50/3	220-240/50/1 380-415/50/3
Шуыл деңгейі	дБ	Ішкі Сыртқы	34 55	38 57	41 60	42 60	42 60
Ауа шығыны	$м^3/ч$		850/680/595	1200/960/840	1500/1200/1050	1800/1440/1260	1800/1440/1260
Компрессор			HIGHLY	HIGHLY	HIGHLY	HIGHLY	HIGHLY
Салқындатқыш агент			R410A	R410A	R410A	R410A	R410A
Салқындатқыш агент құю (г)			1250	1750	2150	2800	3000
Габариттік өлшемдері	мм (ШхВхГ)	Ішкі Сыртқы	929x660x205 800x545x315	1280x660x205 825x655x310	1280x660x205 970x805x395	1631x660x205 940x1325x370	1631x660x205 940x1325x370
Салмағы	кг	Ішкі Сыртқы	25 42	32 50	33 69	44 101	44 102
Энергиялық тиімділік класы			B	B	B	C	B
Жұмыс ауқымы: салқындату/жылыту			-15~49/-15~24				

10. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, АСПАПТЫ ЖОЮ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қаптама да, аспаптың өзі де қайтадан пайдалануға болатын материалдан жасалған. Мүмкіндігінше, оларды жою кезінде қайтадан пайдаланылатын материалдарға арналған контейнерге тастаңыз.

АСПАПТЫ ЖОЮ

Аспаптың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, оны қарапайым тұрмыстық қалдықтан бөлек жоюға болады. Оны электрондық аспаптар мен электр аспаптарын қайта өңдеуге қабылдайтын арнайы бөлімге тапсыруға болады. Аталған аспаптың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, оны қайта өңдеуге тапсырған соң, материалдар өздерінің жіктелуіне байланысты қайта өңделеді. Электрондық аспаптар мен электр аспаптарын қайта өңдеуге қабылдайтын бөлімнің тізімін мемлекеттік биліктің муниципалдық органдарынан ала аласыз.

11. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, КЕПІЛДІКТІК

Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» заңына сәйкес сертификатталған. Бұл аспап Ресей Федерациясындағы электр аспаптарына қолданылатын ресми ұлттық қауіпсіздік стандартарына сәйкес келеді.

Ресей Федерациясының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» заңының 5-бабы, 2-тарауына сай осы бұйымның Шығарушының бекіткен қолданылу мерзімі тұтынушыға сатылған күннен бастап 10 жылды құрайды. Бұл ретте тұтынушы бұйымды осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес қатаң пайдалану керек. Бұйымның шығарылған күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 белгілер – шығарылған жылы, 4 және 5 белгілер – айы). Сериялық номер аспаптың корпусында орналасқан. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалануға байланысты ұсыныстар алу үшін, жақын жердегі авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз. Кепілдіктік және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді Краснодар қ., «Ларина-Сервис» ЖШҚ-ның. Тел: +7 (861) 991-05-42. бас сервистік орталығы жүзеге асырады.

Сіздің қалаңызда сервистік орталықтың бар екендігін көрсетілген телефон немесе **www.centek.ru** сайты арқылы біле аласыз.

Өнімнің 07.03.2018 г. жылғы № TC RU C-CN.AУ05.B.05208 сәйкес сертификаты бар.

СДГ **Тауар сертификатталған және еуропалық пен ресейлік**

12. ШЫҒАРУШЫ, ИМПОРТТАУШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

РФ аумағындағы импорттаушы: «Ларина-Электроникс» ЖШҚ.

Мекенжайы: Ресей, 350080, Краснодар қ., Демус к-сі, 14. Тел.: +7 (861) 2-600-900.

CENTEK® air

Гарантийный талон
№ _____ кепілдік талоны

Талон действителен при наличии всех штампов и отметок
Талон барлық мөртаңбалар мен белгілер болғанда ғана жарамды

Внимание! Пожалуйста, потребуйте от продавца полностью заполнить гарантийный талон и отрывные талоны.
Ескерту! Сатушыдан кепілдік талоны мен үзік талонды толық толтыруын талап етуіңізді өтінеміз.

Заполняется фирмой-продавцом / Сатушы фирма толтырады	
Изделие / Бұйым	
Модель / Үлгісі	
Серийный номер / Сериялық нөмірі	см. шильдик на внутреннем блоке кондиционера / кондиционердің ішкі блогындағы нөлді қараңыз
Дата продажи / Сатылған күні	
Фирма-продавец / Сатушы фирма	

Юридический адрес фирмы-продавца / Сатушы фирманың заңды мекенжайы

ФИО и телефон покупателя / Сатып алушының ТАӘ және телефоны

Подпись продавца / Сатушының қолы

Печать продающей организации / Сатушы ұйымның мөрі

CENTEK® air

Данные отрывные купоны заполняются представителем фирмы-продавца
Берілген үзік талондарды сатушы фирманың өкілі толтырады

М.П. / М.О.

КУПОН № 3	
ИЗДЕЛИЕ / БҰЙЫМ	
МОДЕЛЬ / ҮЛГІ	
СЕРИЙНЫЙ НОМЕР / СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРІ	
ДАТА ПРОДАЖИ / САТЫЛҒАН КҮНІ	
ФИРМА-ПРОДАВЕЦ / САТУШЫ ФИРМА	

М.П. / М.О.

КУПОН № 2	
ИЗДЕЛИЕ / БҰЙЫМ	
МОДЕЛЬ / ҮЛГІ	
СЕРИЙНЫЙ НОМЕР / СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРІ	
ДАТА ПРОДАЖИ / САТЫЛҒАН КҮНІ	
ФИРМА-ПРОДАВЕЦ / САТУШЫ ФИРМА	

М.П. / М.О.

КУПОН № 1	
ИЗДЕЛИЕ / БҰЙЫМ	
МОДЕЛЬ / ҮЛГІ	
СЕРИЙНЫЙ НОМЕР / СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРІ	
ДАТА ПРОДАЖИ / САТЫЛҒАН КҮНІ	
ФИРМА-ПРОДАВЕЦ / САТУШЫ ФИРМА	

CENTEK® air

Данные отрывные купоны заполняются представителем сервисного центра, проводящего ремонт изделия. После проведения ремонта данный гарантийный талон (за исключением заполненного отрывного купона) должен быть возвращен Владельцу.

Берілген үзік талондарды бұйымға жөндеу жүргізетін сервистік орталықтың өкілі толтырады. Жөндеу жүргізгеннен кейін, берілген кепілдік талонын Иесіне қайтару керек (толтырылған үзік купонынан басқа)

КУПОН № 3	
МОДЕЛЬ / БҰЙЫМ	
СЕРИЙНЫЙ НОМЕР / СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРІ	
ДАТА ПОСТУПЛЕНИЯ В РЕМОНТ / ЖӨНДЕУГЕ ТҮСКЕН КҮНІ	
ДАТА ВЫДАЧИ / БЕРІЛГЕН КҮНІ	
ВИД РЕМОНТА / ЖӨНДЕУ ТҮРІ	

М.П. / М.О.

КУПОН № 2	
МОДЕЛЬ / БҰЙЫМ	
СЕРИЙНЫЙ НОМЕР / СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРІ	
ДАТА ПОСТУПЛЕНИЯ В РЕМОНТ / ЖӨНДЕУГЕ ТҮСКЕН КҮНІ	
ДАТА ВЫДАЧИ / БЕРІЛГЕН КҮНІ	
ВИД РЕМОНТА / ЖӨНДЕУ ТҮРІ	

М.П. / М.О.

КУПОН № 1	
МОДЕЛЬ / БҰЙЫМ	
СЕРИЙНЫЙ НОМЕР / СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРІ	
ДАТА ПОСТУПЛЕНИЯ В РЕМОНТ / ЖӨНДЕУГЕ ТҮСКЕН КҮНІ	
ДАТА ВЫДАЧИ / БЕРІЛГЕН КҮНІ	
ВИД РЕМОНТА / ЖӨНДЕУ ТҮРІ	

М.П. / М.О.

УВАЖАМЫЙ ПОТРЕБИТЕЛЬ!

Срок гарантии на все приборы составляет 36 месяцев с даты реализации конечному потребителю. Данным гарантийным талоном производитель подтверждает исправность данного прибора и берет на себя обязательство по бесплатному устранению всех неисправностей, возникших по вине производителя.

Гарантийный ремонт может быть произведен в авторизованном сервисном центре изготовителя ООО «Ларина–Сервис», находящемся по адресу: г. Краснодар, ул. Демуса, 14.
Тел.: 8 (861) 991–05–42.

УСЛОВИЯ ГАРАНТИЙНОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ

1. Гарантия действует при соблюдении следующих условий оформления:

- правильное и четкое заполнение оригинального гарантийного талона изготовителя с указанием наименования модели, ее серийного номера, даты продажи, при наличии печати фирмы-продавца и подписи представителя фирмы–продавца в гарантийном талоне, печатей на каждом отрывном купоне, подписи покупателя.

Производитель оставляет за собой право на отказ в гарантийном обслуживании в случае непредоставления вышеуказанных документов, или если информация в них будет неполной, неразборчивой, противоречивой.

2. Гарантия действует при соблюдении следующих условий эксплуатации:

- использование прибора в строгом соответствии с инструкцией по эксплуатации;
- соблюдение правил и требований безопасности.

3. Гарантия не включает в себя периодическое обслуживание, чистку, установку, настройку прибора на дому у владельца.

4. Случаи, на которые гарантия не распространяется:

- механические повреждения;
- естественный износ прибора;
- несоблюдение условий эксплуатации или ошибочные действия владельца;
- неправильная установка, транспортировка;
- стихийные бедствия (молния, пожар, наводнение и т.п.), а также другие причины, находящиеся вне контроля продавца и изготовителя;
- попадание внутрь прибора посторонних предметов, жидкостей, насекомых;
- ремонт или внесение конструктивных изменений неуполномоченными лицами;
- использование прибора в профессиональных целях (нагрузка превышает уровень бытового применения), подключение прибора к питающим телекоммуникационным и кабельным сетям, не соответствующим Государственным техническим стандартам;
- выход из строя перечисленных ниже принадлежностей изделия, если их замена предусмотрена конструкцией и не связана с разборкой изделия:

а) пульты дистанционного управления, аккумуляторные батареи, элементы питания (батарейки), внешние блоки питания и зарядные устройства;

б) расходные материалы и аксессуары (упаковка, чехлы, ремни, сумки, сетки, ножи, колбы, тарелки, подставки, решетки, вертелы, шланги, трубки, щетки, насадки, пылесборники, фильтры, поглотители запаха);

- для приборов, работающих от батареек, – работа с неподходящими или истощенными батарейками;
- для приборов, работающих от аккумуляторов, – любые повреждения, вызванные нарушениями правил зарядки и подзарядки аккумуляторов.

5. Настоящая гарантия предоставляется изготовителем в дополнение к правам потребителя, установленным действу-

ющим законодательством, и ни в коей мере не ограничивает их.
6. Производитель не несет ответственности за возможный вред, прямо или косвенно нанесенный продукцией ТМ CENTEK, людям, домашним животным, имуществу потребителя и/или иных третьих лиц в случае, если это произошло в результате несоблюдения правил и условий эксплуатации, установки изделия; умышленных и/или неосторожных действий (бездействий) потребителя и/или иных третьих лиц действия обстоятельств непреодолимой силы.
7. При обращении в сервисный центр прием изделия предоставляется только в чистом виде (на приборе не должно быть остатков продуктов питания, пыли и других загрязнений).
8. В тексте и цифровых обозначениях инструкции могут быть допущены опечатки.

Производитель оставляет за собой право изменять дизайн и характеристики прибора без предварительного уведомления.

Срок службы для данного изделия составляет 10 лет с даты реализации конечному потребителю при условии, что изделие используется в строгом соответствии с настоящей инструкцией по эксплуатации и применимыми техническими стандартами. По окончании срока службы обратитесь в авторизованный сервисный центр для получения рекомендаций по дальнейшей эксплуатации прибора.
Дата производства изделия указана в серийном номере (2 и 3 знаки – год, 4 и 5 знаки – месяц производства). Серийный номер находится на корпусе прибора.

kz

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

Барлық аспаптардың кепілдік мерімі – сатып алған күннен бастап 36 ай. Шығарушы осы кепілдік талонымен берілген аспаптың ақаусыздығын растайды және шығарушының кінәсінен болған барлық ақаулықтарды тегін жоюға байланысты Кепілдіктік жөндеуді «Ларина-Сервис» ЖШҚ-ының Краснодар қ. Демус к-сі, 14 мекенжайында орналасқан авторландырылған сервистік орталығында жүргізілуі мүмкін. Тел.: +7 (861) 991-05-42.

КЕПІЛДІКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

1. Кепілдік келесідей шарттарды орындаған жағдайда қолданылады:
- үлгі атауы, оның сериялық нөмірі, сатылған күні көрсетіліп, болған жағдайда сатушы фирманың мөрі және кепілдік талонындағы сатушы фирманың өкілдерінің қолдары, әрбір үзік талонында мөрлер, сатып алушының қолы қойылып, шығарушының түпнұсқалық кепілдік талоны дұрыс және анық толтырылған.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған немесе ондағы ақпараттар толық емес, түсініксіз, шындыққа қайшы келетін жағдайда, шығарушы кепілдіктік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
2. Кепілдік келесідей пайдалану жағдайларын сақтаған кезде қолданылады:
- аспапты пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес қолдану;
- қауіпсіздік қағидалары мен талаптарын сақтау.

3. Кепілдікке аспапқа, иесінің үйінде мерзімді қызмет көрсету, оны тазалау, орнату, дәлдеу кірмейді.
4. Кепілдіктің қолданылмайтын жағдайлары:
- механикалық бұзылулар;
- аспаптың табиғи тозуы;

- пайдалану шарттарын сақтамау немесе иесінің қате әрекеттері;
- дұрыс орнатпау, тасымалдамау;
- апаттық жағдайлар (найзағай, өрт, су тасқыны және т.с.), сондай-ақ сатушы мен шығарушының бақылауынан тыс болатын себептер;
- аспаптың ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтың, жәндіктердің түсуі;
- өкілетті емес тұлғалардың жөндеу жасауы немесе құрылыстық өзгерістер жасауы;
- аспапты кәсіби мақсаттарда пайдалану (жүктеме тұрмыстық қолданудың деңгейінен асып кетеді), аспапты Мемлекеттік техникалық стандарттарға сәйкес келмейтін қуат беруші телекоммуникациялық және кабельдік желілерге қосу;
- бұйымның төменде көрсетілген құралжабдықтарының істен шығуы (егер ауыстырылуы құрылысымен қарастырылған және бұйымды бөлшектеуге қатысы болмаса):

а) қашықтан басқару тетігі, аккумуляторлық батареялар, қуат беру элементтері (батареялар), сыртқы қуат беру блоктары және зарядтау құрылғылары;

б) шығыс материалдары мен керек-жрақтар (қаптама, қаптар, белбеулер, сөмкелер, торқапшықтар, пышқтар, колбалар, тәрелкелер, торлар, шанышқылар, құбыршектер, түтіктер, щеткалар, саптамалар, шаңжинағыштар, сүзгілер, иіс жұтқыштар);

- батареялармен жұмыс жасайтын аспаптар үшін – сәйкес келмейтін немесе біткен батареялармен жұмыс;
- аккумуляторлық батареялармен жұмыс істейтін аспаптар үшін – аккумуляторларды зарядтау қағидаларын бұзуымен орын алған кез келген бұзылулар.

5. Шығарушы осы кепілдікді қолданыстағы заңнамамен белгіленген тұтынушының құқықтарына қосымша береді және ешқандай жағдайда ол құқықтарды шектемейді.

6. Егер бұйымды пайдалану, орнату қағидалары мен шарттарын сақтамаудың нәтижесінде, тұтынушылардың және/немесе өзге де үшінші тұлғалардың қасақана әрекетінен (әрекетсіздігінен), бой бермейтін күштің салдарынан «Centek» ТМ өнімі адамдарға, үй жануарларына, тұтынушының және/немесе өзге үшінші тұлғаның мүлкіне тікелей немесе келтірілген ықтимал зиян келтірілсе, Шығарушы ол үшін жауапкершілік алмайды.

7. Сервистік орталыққа жүгінген кезде, бұйым тек таза күйінде қабылданады (аспапта тамақтың қалдықтары, шаң немесе басқа ластар болмау керек).

Шығарушы алдын ала хабарламасыз аспаптың дизайнына және сипаттамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Осы бұйымның қызмет ету мерзімі бұйым пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға дәл сәйкестікте қолданылған жағдайда соңғы тұтынушыға сатқан күннен бастап 10 жылды құрайды. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалануға байланысты ұсыныстар алу үшін жақын жердегі авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Бұйымның шығарылған күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 белгілер – шығарылған жылы, 4 және 5 белгілер – айы). Сериялық номер аспаптың корпусында орналасқан.

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

Безаварийная и долговременная работа кондиционера ТМ CENTEK зависит от качественного профессионального монтажа.

Установку кондиционера ТМ CENTEK должен производить квалифицированный специалист с использованием качественных расходных материалов и специального оборудования.

Экономия средств при установке кондиционера ТМ CENTEK может привести к дополнительным расходам на негарантийный ремонт оборудования или к его полной замене.

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

CENTEK ТМ кондиционерінің апатсыз және ұзақ уақыт жұмыс істеуі кәсіби сапалы құрастыруға байланысты.

CENTEK ТМ кондиционерін орнатуды білікті маман сапалы шығыс материалдары мен арнайы жабдықты пайдалана отырып орындау керек.

CENTEK ТМ кондиционерін орнату кезінде құралдарды үнемдеу жабдықты кепілдіксіз жөндеуге кететін қосымша шығындарға немесе оны толық ауыстыруға әкелуі мүмкін.

CENTEK Air
ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ
КЛИМАТИЧЕСКАЯ ТЕХНИКА